

Қазақстан Республикасында травматизмнің алдын алу мен оны азайтудың 2000-2002 жылдарға арналған мақсатты кешенді бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 6 шілде N 1020

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында травматизмнің алдын алу мен оны азайтудың 2000-2002 жылдарға арналған мақсатты кешенді бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 6 шілдедегі
N 1020 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында травматизмнің алдын алу мен оны азайтудың 2000-2002 жылдарға арналған мақсатты кешенді бағдарламасы

КІРІСПЕ

Жарақаттанулар мен уланулар орасан зор материалдық шығындар келтіріп, мыңдаған адамның өмірін қиюда. Біздің елімізде жыл сайын 100 мың тұрғынға шаққанда 4 мың адамның жарақаттануы тіркеледі, яғни, жыл сайын Қазақстанның 600 мың тұрғыны жарақат алады. Жарақаттан дені сау адамдар, жұмысқа қабілетті жастар, көбінесе 20-дан 40 жасқа дейінгі ерлер қаза болатындықтан, жағдай шиеленісуде.

Біздің елімізде травматизмнен қайтыс болу қатерлі ісіктерді басып озып, қан айналымы ауруларына ғана жол беріп, екінші орынға шықты.

Травматизмнің едәуір өсу тенденциясын атап өту қажет, көлік құралдарының күрт көбеюінен, құрылыс техникасының және құрылыс объектілерінің конструкциясының дамуы мен күрделенуінен, жол-көлік оқиғаларынан, дүлей зілзалалардан, өнеркәсіптің, зәулім үйлер құрылысының қарқынды дамуынан болып отыр.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

Бағдарламаның жалпы мақсаты - оларды төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру және ведомствоаралық интеграция негізінде білім беру және медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету арқылы

Қазақстан Республикасында травматизмнің алдын алу және төмендету, жарақаттық зақымдануларды емдеу және диагностикалаудың қазіргі заманғы әдістерін жасау және практикаға енгізу болып табылады.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН БАСЫМДЫҚТАРЫ

Бағдарлама мақсатының орындалуының негізгі бағыттары мен басымдықтары:
алкогольді тұтыну сияқты құбылысқа айрықша назар аудара отырып, қауіпті факторларға жататын құбылыстарға қарсы бағытталған қоғамдық саясатты әзірлеу және жүзеге асыру;
травматизмнің факторлары туралы білімнің болуы және оларды уәкілеттік берілген органдардың қадағалауды жүзеге асыруы;
халық травматизмінің алдын алуға үйлестірілген салааралық көзқарас;
ұжымдық және жеке деңгейдегі денсаулықты сақтау және нығайту жөнінде халыққа білім беру жүйесіндегі кешенді көзқарас;
интеграцияланған емдеу-алдын алу және оңалту іс-шараларды, ең алдымен, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету шеңберінде жүзеге асыру;
алдын алу, емдеу және оңалту қызметінің стратегиясын үздіксіз жетілдірудің бөлігі ретінде, күш қолдану мен травматизм салдарларының түрлері саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі;
тіршілік қызметі қауіпсіздік нормаларына қатысты насихат жүргізу;
денсаулық сақтау жүйесінде медициналық кадрларды оқыту және даярлау;
әкімшілік ғимараттарды және тұрғын кварталдарды жобалау және салу кезінде жобалау нормаларын қатаң сақтау және мүгедек адамдарға қолайлы жағдайларды жасау.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТРАВМАТИЗМДІ ТАЛДАУ

Соңғы 10-15 жылдағы Қазақстан Республикасындағы травматизмнің құрылымын талдау көп ізді жарақаттар (мәтін бойынша бұдан әрі - көп жарақат) санының және ауырлығының үлес салмағы артқанын көрсетеді.

Балалардың жол-көлік травматизмі айрықша алаңдаушылық туғызуда. Ахуалдың шиеленісуі - халықтық білім беру органдарында жолдағы қозғалыс ережелерін зерделеу жөніндегі жұмыс жеткіліксіз жүргізіліп, ата-аналар балаларына көше тәртібінің дағдыларын үйретпеуіне байланысты. Қаржының жетіспеушілігінің салдарынан білім беру ұйымдарында жолдағы қозғалыс ережелері сабағын дайындығы жоқ адамдар өткізеді, бұл жұмысқа көбінесе білікті қызметкерлер тартылмайды.

Жалпы білім беретін мектептер мен басқа да халықтық білім беру ұйымдарында электр пайдаланатын приборлармен, түрлі химиялық реактивтермен байланысты сабақтарда, сондай-ақ мерекелер, жарыстар мен бұқаралық шаралар өткізілген кезде Техника қауіпсіздігі ережесі, Өрт қауіпсіздігі ережесі, көбінесе, сақталмайды. Міне, осының бәрі түрлі дәрежедегі балалар травматизмі мен қайтыс болуы оқиғаларына әкеп соғуда.

Бас сүйек-мидың біріккен және бөлек жарақаттануы (тұрмыстағы, автокөлік, өндірістегі), перифериялық нервтер және нервтер тарамдарының жарақаттануы, омыртқа және жұлынның жарақаттануы (аурудың өткір және басылған кезеңін қосқанда), гидроцефалия, бас сүйек-ми жарақаттануының салдарлары және асқынулары - осы Мақсатты кешенді бағдарламада көрсетілген травматизмнің алдын алу және азайтудағы басымдықты және әлеуметтік маңызды бағыттарын құрайды.

Бас сүйек қаңқасының, бас миының және жұлынның, шеткі нервтердің жарақаттануларымен, тірек-қимыл аппаратының түрлі зақымдануларымен науқастарды емдеу мәселелері пісіп-жетілген және өзекті медициналық-әлеуметтік проблема болып т а б ы л а д ы .

Термиялық зақымдану қазіргі заманғы травматологияның маңызды мәнісінің бірі болып табылады. Республика бойынша орташа есеппен жыл сайын халықтың 100 мыңына алғашқы күні жарақаттануының 211 жағдайы жыл сайын тіркеледі.

Диагностика және емдеудің ұдайы жаңартылатын қазіргі заманғы құралдарының арсеналының арқасында нейрохирургиялық науқастардың мүгедектігі мен қайтыс болуын азайтуға жаңа перспективалы мүмкіндіктер ашылып, экономикалық, қаржылық , саяси мәнімен ақталған, қазіргі заманғы медициналық жабдықтарын және республиканың ғылыми-практикалық кадрлар әлеуетін және бір орында бірыңғай үйлестірудің орынды екенін негіздейді.

Қазақ мемлекеттік медициналық университетінде, Алматы мемлекеттік дәрігерлердің біліктілігін арттыру институтында және 5 медициналық академияда жүргізілетін, тиісті дәрігерлік кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттырусыз травматология және ортопедия, нейрохирургияның дамуы мүмкін емес.

Республикада Ақмола және Семей медициналық академияларының жанында травматология және ортопедия мамандықтары бойынша 2 ғылыми кеңес жұмыс істеуде, мұның өзі, біздің травматолог-ортопед ғалымдардың жоғары ғылыми әлеуетін білдіреді.

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРҒАН КЕЗДЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Бағдарлама іске асқан кезде мынадай нәтижелер күтіледі:

қайғылы оқиғалардың нәтижесінде болатын жарақаттану, мүгедектік және қайтыс болу санының едәуір және тұрақты қысқаруы;

зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуге, тасымалдауға қатысты әртүрлі қызметтердің үйлестірілген іс-қимылдарының есебінен көп жарақаттар кезінде қайтыс болу оқиғалары мен мүгедек болу дәрежесі санының азаюы;

жарақаттанулардың алуан түрлері кезінде емдеу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік беретін диагностика мен емдеудің ғылыми негізделген қазіргі заманғы озық әдістерін мемлекеттің барлық аймақтарында енгізу;

жарақат алу және мертiгу, оның ішінде алкогольді тұтыну нәтижесіндегі қауіп факторларының санын елеулі түрде азайту;

травмотология, ортопедия және нейрохирургия ғылыми-зерттеу институтының базасында травматолог-ортопед, нейрохирург, анестезиолог-реаниматолог дәрігерлерін , сондай-ақ жедел шұғыл жәрдем станцияларының және төтенше жағдайлар кезіндегі апат медицинасы орталығының медициналық қызметкерлерін даярлау және қайта д а я р л а у ;

табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде жарақаттану мен құрбандар санын а з а й т у .

Әзірленген Қазақстан Республикасында травматизмнің алдын алу мен оны азайтудың 2000-2002 жылдарға арналған мақсатты кешенді бағдарламасын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасында травматизмнің алдын алу мен оны азайтудың 2000-2002 жылдарға арналған мақсатты кешенді бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары дайындалды (қосымша).

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы Бағдарлама "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылдың 7 наурызындағы N 367 қаулысының 4.4.4.2-тармақтарына сәйкес әзірленді.

Осы Бағдарламаның азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтарын одан әрі іске асыруды қамтамасыз ету мақсаты бар, және қаралып отырған проблемаға қатысы бар орталық және жергілікті атқарушы органдардың күш-жігерін тұтастыруға негізделген.

Б а ғ д а р л а м а :

- травматизмнің бастапқы алдын алу (адам тіршілік ететін орта объектілерінің жарақат алу қаупін азайту жөніндегі іс-шаралардан бастап, халықтың қалың жіктерінің қауіпсіз жүріп-тұрудың ережелерін білуіндегі санитарлық сауаттылығын көтеруге д е й і н) ;

- жарақаттануларды емдеуді ұйымдастыру мен оның сапасын жақсарту;

- оңалтудың және мүгедектікті азайтудың мерзімін қысқарту шараларының кең к е ш е н і н к ө з д е й д і .

Бағдарламаны іске асыру оны орындаудың әр кезеңінде тұрақты талдауды, ғылыми-зерттеу әзірлемелерін жүргізуді, озық технологияларды енгізуді талап етеді. Осы проблеманы толық шешу травматология, ортопедия және нейрохирургия ғылыми-зерттеу орталығын (институтын) ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілуі м ү м к і н .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің басымдықты міндеттерінің бірі ретіндегі бағдарламаны орындау құрылымында елдің жас және еңбекке қабілетті басым халқының травматизмін азайтуға, медициналық көмекті ұйымдастыру мен оның

сапасын жақсартуға, мүгедектікті азайтуға мүмкіндік береді және түпкі нәтижесінде, халық өмірінің белсенді кезеңінің ұзақтығын арттыруға, ұлттың тектік қорын сақтауға арналған алғышарттарды жасауға ықпал ететін болады.

қосымша

Қазақстан Республикасында травматизмнің алдын алу мен оны азайтудың 2000-2002 жылдарға арналған мақсатты кешенді бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары

1. Травматизмнің алдын алу және оны азайту						
1	!	2	!	3	!	4
Іс-шара	!	Аяқтау нысаны	!	Жауапты орталық және жергілікті атқарушы орган. дар	!	Қаржыландыру көздері
1. Колледждердің, жүргізу. шілік курстардың, мектептердің базасында оқытудың медициналық бағдарламасын қайта қарау және бекіту, оқытуды ұйымдастыру				Бұйрық ДСА, ИМ, БҒМ, Бюджеттен тыс облыстардың, Ас. қаражат және тана және Алматы жергілікті қалаларының бюджеттер әкімдері		
2. "Білім беру ұйымдарындағы еңбекті қорғау және травматизмнің алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы" ұсынымды әзірлеу және бекіту				Бұйрық БҒМ, ЕӘҚМ, ДСА, Жылына 1 рет тана және Алматы қалаларының есеп беру әкімдері		
3. Мектепке дейінгі балалар ұйымдары мен мүгедек балаларға арналған мамандандырылған мекемелерде балаларды жол қозғалысы ережелеріне ұйымдастыру				Бұйрық БҒМ, ДСА, ИМ, ЕӘҚМ, облыстар. қаражат және Алматы қалаларының әкімдері		
4. Жол қозғалысы ережелерін зерделеу үшін көрнекі				Альбомдар, БҒМ, ИМ, ЭМ, буклеттер, ҚРИА, облыстар. бюджет, бюд.		

құралдар сериясын (аль. плакаттар, дың, Астана және жеттен тыс бомдар, суреттер, иллю. кітапшалар, Алматы қалалары. қаражат, страциялар және т.б.) брошюралар ның әкімдері оның ішінде әзірлеу және шығару. Жол Жылына 1 инвестициялар қозғалысы қауіпсіздігі рет мен гранттар жөнінде мыналарға: Үкіметке

- мектеп жасына дейінгі есеп беру және мектеп жасындағы

балалар;

- жаяу жүргіншілер;

- велосипедшілер;

- жас автоәуесқойлар;

- ата-аналар;

- ұстаздарға арналған

компьютерлік ойын

бағдарламалары

5. Мемлекеттік ақпараттық Электронды МАҚКМ Бюджеттік қа. саясаттың басым бағыт. және баспа. ражаттың ше. тарын жария етуге арнал. сөз бұқаралық гінде

ған мемлекеттік тапсы. ақпарат құ.

рыста травматизмді азайту ралдарындағы

жөніндегі іс-шараларды жарияланымдар

насихаттау үшін эфирдегі Бұйрық

уақыт пен газет беттерін

көздеу

6. Травматизмнің алдын алу, Бұйрық, ИМ, БҒМ, ДСА, Оқытушы орган.

жол қозғалысы ережелері, бағдарлама, облыстардың, дардың есебі.

жарақаттану және улану курстар, Астана және нен кезінде

алғашқы көмек семинарлар, Алматы қалалары.

көрсету проблемалары тағлымдама. ның әкімдері

жөніндегі оқытудың бір-лар

іздендірілген бағдарла. Жылына 1

масын бекіту; мектептер. рет

дің, колледждердің, жо. Үкіметке

ғары оқу орындарының есеп беру

педагогикалық кадрларын

даярлауды, қайта даярла.

уды және біліктілігін

көтеруді ұйымдастыру

7. Оқу-тәрбие процесі мен Бұйрық, БҒМ, ЕӘҚМ, ДСА Қолданылып
кластан тыс және мектеп. әдістерме. жүрген заңна.
тен тыс жұмыстарды ұйым. лік нұсқау. маға сәйкес
дастыру кезінде еңбекті лықтар
қорғау, техника қауіпсіз.
дігі мен өрт қауіпсіздігі
жөніндегі әдістемелік

нұсқаулықтарды дайындау

8. Травматизмнің және улану. Конферен. БҒМ, ЕӘҚМ, ТЖА, Қолданылып
дың алдын алу проблемалары циялар, ІІМ, ДСА, облыс. жүрген
жөніндегі республикалық семинарлар тардың, Астана заңнамаға
конференциялар мен семинар. және Алматы қа. сәйкес
ларды өткізу лаларының әкім.

дері

9. Мыналарды: Мейрамдар, БҒМ, ІІМ, ДСА, Қолданылып
- оқушылардың денсаулық жарыстар, ТЖА, облыстар. жүрген заңна.
күндерін; көрмелер, дың, Астана маға сәйкес
- жас жүргіншілер күнін; Бұйрық және Алматы қа.
- жас өрт сөндіруші күнін лаларының әкім.

ұйымдастыру дері

10. Ұйымдарда Еңбекті қорғау Бұйрық, Министрліктер, Жергілікті
мен техника қауіпсіздігі конкурстар агенттіктер, бюджеттер,
ережелерін, оқу орында. облыстардың, бюджеттен
рында Жол қозғалысы Астана және тыс қаражат,
ережелері мен Өрт қауіп. Алматы қалалары. оның ішінде
сіздігі ережелерін білу ның әкімдері инвестициялар
және сақтау жөніндегі мен гранттар
республикалық, аймақтық,
қалалық, аудандық конкур.
стар, кабинеттердің

байқауын өткізу

11. Кәсіптік, тұрмыстық Жалпы білім ДСА, БҒМ Қолданылып
травматизмнің, уланудың беретін және жүрген заңна.
алуан түрлерінің алдын арнаулы ме. маға сәйкес
алу, медициналық көмек дициналық
көрсету және емдеу жөнін. әдебиет
дегі жалпы білім беретін шығару
және арнаулы медициналық

әдебиет дайындау

12. Өрт қауіпсіздігі (бұдан әрі - ӨҚ), жол қозғалысы (бұдан әрі - ЖҚ) ережелері мен талаптарын зерделеу жөніндегі "ЖҚ-ін зерделеу" бағдарламаларын міндетті түрде оқытып отырып, оқытуды ұйымдастыру

Бұйрық БҒМ, ІІМ, ТЖА, Қолданылып облыстардың, жүрген заңна. Астана және маға сәйкес Алматы қалаларының әкімдері жөнінде.

13. Мыналарды: Бұйрық ДСА, ІІМ Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес

1) көлік құралдарының медициналық куәландыруды өткізудің тәртібін және олардың кезеңділігін;

2) азаматқа көлік құралдарын басқаруға тыйым салатын медициналық қарсы көрсеткіштердің тізбесін қайта қарау және толықтыру

2. Травматизмнің және оның зардаптарының алдын алу мен азайту жөніндегі ұйымдастыру-әдістемелік іс-шаралар

14. Жарақаттану жөніндегі есеп құжаттамасының алғашқы нысанын қайта қарау және бекіту және жаракаттанулар мен улануларды тіркеудің жалпы ұлттық компьютерлік жүйесін ұйымдастыру

Бұйрық ДСА, ЕӘҚМ, ІІМ Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес

15. Оқу-жаттығу процестері мен спорт жарыстарын өткізу кезіндегі қауіпсіздікті бақылауды күшейту

Бұйрық ТСА, ДСА Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес

16. Таулардағы, судағы, халықтың бұқаралық демалыс орындарындағы құтқарушы қызметтердің жұмысы ТЖА, облыстардың, Астана және Алматы Қолданылып жүрген заңнамаға

қару қызметі жұмыстарын жөніндегі қалаларының сәйкес
ұйымдастыруды жақсарту нұсқаулық. әкімдері
(жабдықтау табельдері тар мен
мен олардың жұмысы жө. ұсынымдар
ніндегі нұсқаулықты

қайта қарау)

17. Электр жарақаттанулар. Бұйрық ЕӘҚМ, ТЖА, Қолданылып
дың тұрмыстық құралдар ӘИЖТМ жүрген
мен өнеркәсіптік жаб. заңнамаға
дықтар қауіпсіздігінің сәйкес
алдын алу жөніндегі ша.
раларды өзірлеу

18. Салауатты өмір салтын, Бұйрық БҒМ, ДСА, ТСА, Қолданылып
травматизмнің "белсенді МАҚҚМ жүрген
қорғанысының" пәрменді заңнамаға
құралы ретіндегі дене сәйкес
шынықтыру мен спортты

насихаттауды кеңейту

19. Салалар бойынша еңбектің Салалар ЕӘҚМ, ДСА, ми. Қолданылып
техника қауіпсіздігі та. бойынша нистрліктер мен жүрген
лаптарының нормативтерін еңбек қа. ведомстволар, заңнамаға
қайта қарау және оларды уіпсізді. облыстардың, Ас. сәйкес
міндетті енгізу мен мен. гін регла. тана және Алматы
шіктің барлық нысанындағы менттейтін қалаларының
өндірістік объектілерде нормативтік әкімдері
сақталуын бақылауды қам. құқықтық
тамасыз ету кесімдерге
өзгерістер
мен толық.

тырулар

20. Полиция қызметкерлерін, Бұйрық, ІІМ, ТЖА, ДСА, Қолданылып
мемлекеттік өртке қарсы әкімдердің облыстардың, жүрген
қызмет қызметкерлерін, шешімдері, Астана және заңнамаға
жүргізушілерді жарақат. нормативтік Алматы қалалары. сәйкес
тану, улану кезінде бас. құқықтық ның әкімдері
тапқы медициналық көмек кесімдерге
көрсету жөніндегі міндет. өзгерістер
ті жүйелі оқыту мен олар.
дың аттестациядан өткізі.

луін бақылауды қамтамасыз

ету

21. Тұрғын үй кварталдарын, дағы балалар, спорт алаңдарын, автотұрақтарды қоршауды алдын ала қара. стыру
- Әкімдердің шешімдері, нормативтік құқықтық
- Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, сәйкес кесімдерге ТСА, ДСА өзгерістер мен толықтырулар
- Жылына 1 рет
Үкіметке

есеп беру

22. Республикалық маңызы бар жолдарда жол-санитарлық постыларды құру, оларды медициналық ұйымдармен телефон байланысымен, сондай-ақ табель қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету. Жол-көлік постыларын қажетті медициналық мүкәммалмен және медикаменттермен жарақтандырудың бекіту
- Бұйрық, ТКМ, ДСА, ИМ, Әкімдердің шешімдері, қолданыс. тағы норма. ның әкімдері тивтік құқықтық кесімдерге өзгерістер мен толықтырулар
- Бюджеттен тыс қаражат және бюджеттер
- Астана және Алматы қалаларының әкімдері
- Жылына 1 рет
Үкіметке

есеп беру

23. Жарақаттану кезінде көмек көрсетуді жеделдету және зақымданушыларды ауруханаға жеткізу уақытын азайту үшін ауруханалардың автомобиль жолдары учаскелеріне бекітілуін қайта қарау және ресімдеу
- Әкімдердің шешімдері, бұйрық, Жылына 1 рет
- ДСА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының
- Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес әкімдері
- Үкіметке есеп беру

24. Автомобиль жолдарындағы жол көлік оқиғалары туралы хабарлау жүйесін жетілдіру
- Әкімдердің шешімдері,
- ИМ, ТКМ, ДСА Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының
- Қолданылып жүрген заңнамаға

(жолдарды арнайы байланыс. Жылына 1 Алматы қалалары. сәйкес пен жайластыру, жақын рет ның әкімдері жердегі емдеу ұйымдарының Үкіметке тұрған орыны туралы көрсет. есеп беру кіштерді жаппай орналастыру т.б.)

25. Жүргізушілерді жүру жолы. Әкімдердің ТОҚМ, ТКМ, ИМ, Қолданылып ның жай-күйі мен жолдарда. шешімдері, облыстардың, жүрген ғы ауа райының жағдайы ту. бұйрықтар Астана және заңнамаға ралы ақпараттармен қамтама. Жылына 1 Алматы қалалары. сәйкес сыз ету үшін гидрометеоро. рет ның әкімдері логиялық қызметтің, теле. Үкіметке дидар мен радионың, жол есеп беру полициясы бөлімшелерінің өзара іс-қимылын ұйымдасты. ру және жетілдіру

26. Жалпы сырқаттану құрылымын. Әкімдердің Облыстардың, Қолданылып дағы травматизмнің үлестік шешімдері Астана және жүрген коэффицентіне сәйкес кел. Алматы қала. заңнамаға тіре отырып, медициналық ларының сәйкес кадрлардың құрылымының ем. әкімдері деу-алдын алу іс-шараларына арналған орындардың санына қатынасын қайта қарау. 300 мыңнан астам тұрғыны бар қалалардағы травматологиялық бөлімшелер стационарларының жанынан жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жұмыс істейтін емдеу-алдын алу іс-шараларына арналған, жұмыс істеп тұрған орындар желісінің шеңберіндегі полижарақат (көп жарақат) бөлімшелерін құру

27. Барлық мамандықтағы дәрігер. Бұйрық ДСА Қолданылып лердің және медициналық жүрген бикелердің жарақаттану мен заңнамаға улану кезінде көмек көрсетуі сәйкес жөніндегі біліктілігін көтеру

28. Травмотологиялық және хирургиялық бөлімшелерде жарақаттануды емдеу құралдарымен жарақтандырудың міндетті ең төменгі мөлшерін анықтау, мамандандырылған көмектің ең төменгі көлемінің стандарт.

тарын әзірлеу

29. Травматизм, оның себебін анықтау мен алдын алу шараларын әзірлеу жөніндегі ғылыми-техникалық зерттеулерді дамыту

3. Травматизмнің алдын алу мен оны азайту бағдарламасын іске асыруды материалдық-техникалық қамтамасыз ету

30. ЖКО болған орындарда авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған жүк көтергіш және өзге де құралдарды және авария зардаптарын жоюға арналған арнаулы автомобильдерді сатып алуды ұйымдастыру

31. Жергілікті бюджеттің қаражаты шегінде, төсек-орындар желісін оңтайландыру мен бірдей бөлімшелерді функциональдық біріктіру есебінен жарақаттанудың зардаптары бар науқастарды оңалту жөніндегі аймақтық орталықтарды ұйымдастыру

32. Реанимациялық бөлімшелерді қазіргі заманғы медициналық жабдықтармен қамтамасыз етуді жақсарту

әкімдері

33. Жарақаттарды емдеуді жүзеге асыратын медициналық бөлім.

Қазақстан Республи.

ДСА

Республикалық бюджет

шелерді үйлестіру және инте. қасы Үкі.
 грациялау орталығы ретінде. метінің
 гі Республикалық травматоло. қаулысы
 гия, ортопедия және нейрохи.
 рургия ғылыми-зерттеу инсти.

тутын құру

таблицаның жалғасы:

Орындау мерзімі	Күтілетін нәтиже
5	6
1 2001 жылдың I тоқсаны көтеру	Білім деңгейін
2 2001 жылдың I тоқсаны азайту	Травматизмді
3 2001 жылдың I тоқсаны көтеру	Білім деңгейін
4 2001 - 2002 жылдар арттыру	Насихат және білім деңгейін
5 2001 - 2002 жылдар азайту	Травматизмді
6 2001 - 2002 жылдар азайту	Травматизмді
7 2001 жыл азайту	Травматизмді
8 Тұрақты, жыл сайын арттыру	Насихат және білім деңгейін
9 2001 - 2002 жылдар арттыру	Білім деңгейін
10 2001 - 2002 жылдар арттыру	Білім деңгейін
11 2000 - 2001 жылдар азайту	Травматизмді

12	2001-2002 жылдар, тұрақты	Травматизмді азайту
13	2000 жылдың IV тоқсаны азайту	Травматизмді
14	2001 жыл алу	Сенімді және жедел ақпарат
15	2000 жылдың IV тоқсаны азайту	Травматизмді
16	2000 IV тоқсаны	жылдың
17	2002 жылдың IV тоқсаны алдын алу	Жарақаттанудың
18	2000-2002 жылдар	Білімді көтеру
19	2000 жылдың IV тоқсаны алдын алу	Травматизмнің
20	2000 жылдың IV тоқсаны	Білімді көтеру
21	2000-2001 жылдар азайту	Травматизмді
22	2001 жылдың II тоқсаны ақпарат	Дәрігерлік көмек көрсету үшін жедел
23	2001 жыл көмек	Уақтылы медициналық
24	2000-2001 жылдар азайту	Жол-көлік оқиғаларын
25	2000-2001 жылдар азайту	Жол-көлік оқиғаларын
26	2000 жылдың IV тоқсаны ұтымды пайдалану	Емдеу-алдын алу ұйымдарындағы орындар желісін

27	2000-2002 жылдар, тұрақты көтеру	Дәрігерлердің біліктілігін
28	2000 жылдың IV тоқсаны жақсарту	Білікті медициналық көмектің сапасын
29	2001 жылдың I тоқсаны азайту 3.	Травматизмді
30	2001 жылдың II тоқсаны	Жедел көмек
31	2001 жылдың II тоқсаны жақсарту	Оңалтуды
32	2001 жылдың II тоқсаны көмек	Мамандандырылған
33	2001-2002 жылдар	Мамандандырылған көмек
